

# АКЖЕШТ

Жаннан кымбат оларга ар,  
Мен жастарга сенемін.

Мағжан



6+



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

# Жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 27 (512)  
6 шілде, 2023 жыл

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

## ЖАСАМПАЗ ШАҒАР, ЖАСТАР ҚАЛАСЫ



Қай елдің болмасын бас қаласы – ел келбеті. Ерке Есіл жағасын бойлай орналасқан сәулетті Астана да мемлекеттің экономикалық-рухани көрсеткіші екені даусыз. Аз уақытта айшықты елорда өлем назарына ілігіп, лайықты бағасын алды. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «Өлем қаласы» атағын алса, сонан оңылдықта шаһар сәулеті адам танымастық өзгерді. Бүгінгі атаулы дата – Елорда күнінде Арқадағы Ақмола айналу жолына шолу жасауды жөн санады.

1994 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бас қаланы ару Алматыдан Сарыарқа төрне көшіру туралы маңызды шешімді қабылдаған болатын. Парламент

сессиясында депутаттар алдында сөз сөйлеген Тұңғыш Президент астанамызды Ақмолаға көшірудің қисығын атап өтіп, елорданы таңдау 32 өлшем бойынша жүргізілгенін нақты дәлелдеп берген еді. Осыдан кейін депутаттар арасында өткен тартысты пікірталастың нәтижесінде Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекет астанасын Ақмола қаласына ауыстыру туралы ұсынысына келісім берілісін» деген сындарлы шешім шығарғанды.

Егемен еліміз тарихындағы айтулы оқиға осылай жүзеге асты. Ал, араға екі жыл салып 1996 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Ұйымы «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдады. Бір жылдан кейін 1997 жылдың 20 қазанында ҚР Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы жарық көрді. Аталған құжатқа сәйкес, Ақмола Қазақстанның астанасы құқығын 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап иеленді. Ал жаңа

астананың ресми тұсаукесер тобы 1998 жылдың 10 маусымына белгіленді.

Осы күндері жаңа астанаға Президент Әкімшілігі, Үкімет, жетекші министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің алғашқы тобы да келді. Бұл күндері Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Елордада Әлемдік және дүстүрлі дін лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанда ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері болды. 2011 жылдың басында елорда VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтары қабылданды. 2017 жылы «ЕХРО – 2017» халықаралық көрмесін жоғары деңгейде ұйымдастырды.

Қазіргі таңда миллионнан астам тұрғыны бар елорда «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл» және «Байқоңыр» аудандарынан тұрады. 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының

мүшесі саналады.

Өткен жылдар ішінде Астананың архитектуралық келбеті ғана емес, бас қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері де адам танымасты өзгерді. Елордада бизнес қанат жайып, құрылыс саласы, қызмет көрсету, тауар айналымы мен көлік саласы қарқынды түрде дамыды. Астана қалалық статистика департаментінің мәліметтеріне қарағанда, осы жылдар аралығында елорда бюджеті 77,5 есеге, жалпы ішкі өнім 224 есеге, инвестицияның жылдық көлемі 50 есеге өсіп отыр. Осылайша, қазақ халқы Тәуелсіздіктің арқасында өз астанасын өзі таңдап, саяси-әкімшілік, мәдени-рухани орталығын белгіледі.

Шаһар төріндегі ерекше нысандар қаланың көркін келтіріп, естен кетпес естелік сыйлайды. Бүгінде ұлт мақтанышына балаған Бәйтерек – Астананың мызғымас символы. Ал британдық архитектор Норман Фостердің пирамида үлгісіндегі «Бейбітшілік және келісім» сарайы бірегей сәулеткерлік ғимараттар қатарынан орын алған алып кешенге айналды. Сондай-

ақ «Жаңа шатыр» сауда ойын-сауық орталығы әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат болса, «Думан» орталығы теңізден алыс орналасқан океанариум ретінде танылған. Сонымен қатар, 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған он мың шатырдың «Сарыарқа» бірегей велотрегі, балаларлық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны, «Астана Опера» секілді ғимараттар Астана сәулетін өселеп арттырып тұрғанын айта кеткен жөн.

Ресми және Астана тарихы – ертегіге бергісіз ақиқат. Елорданың өзгелерге үлгі боларлық тұстары жетерлік. Тұрғындарының жыл санап өселеп артуы Астанамыздың дүние жүзі бойынша дамып келе жатқан ең жас қала екенін білдіреді. Сонымен қатар, ертеңіне қол созған Елорда – жастардың қаласы, балашақтың бастауы, келер күннің келісіп боларының бекітіліп, жалғамыз үшін тәуелсіздік пен өсіп-өркендеудің алтын тұғыры.

Р.МАҚСҰТ

## СЫРДЫҢ ҚАМЫСЫ ЕУРОПАДА СҰРАНЫСТА



Табиғаттың тартуын тасада қалдырмай, кесіп көзіне айналдыру бәрекеті болмақ. Алқапты бойлай өсетін өсімдікті өртке орамай, Сыр елінің өнімін нарыққа шығару құптарлық іс. Сары алтындай сайын далаңның көркін келтіріп, жайқала салатын қамыстан табысқа көнгелгендер бар. Жұртқа таңсық болған кесіпті тартыпбай бастап, дөңгелетіп отырған қазалылық тұрғынның талабына қайран қаласың. Олжасын орақтан тапқан отбасы маңдай төрінің мөлшерімен өңбектің төтті наын татып жүр. «Іздеген жетер мұратқа» демекші, қамысты қорғау жатрудың сан қилы жолын қарастырып, бизнесте қарышты қадам жасау қорғалмақ лайық.

Тіршілік тынысын тартылған төжді өңір кезінде үйден шықпауға тура келді. Таңнан қара кешке дейін қол қусырып қарап отырмаған Венера Тайлақбаева галамторды ақтарып, үлкен істі атқаруға кіріскен. Қамыс жайында түрлі апаратқа көз жеткізіп, тіпті Германияда сұраныстың жағары екенін білген. Қос қолдың қайратымен, аял-ойдың алғырлығымен бизнесін жандандырып жүр. Тек бір ғана елмен емес, түпел Еуропа қамтыған қамыс көсіп көпті қызықтырды. – Немістердің айтуы бойынша, бұл қамыспен үйдің төбесін жапса, қарапайым темір шатырға қарағанда адам жасын 20 жылға ұзартады. Мұнымен барлық

шетел азаматтары үйдің төбесін жаба алмайды. Жұмысы кымбат, қолжетімсіз. Сондықтан көбіне жағдары бар азаматтар ғана қамысты қолданады. Өзге мемлекеттермен салыстырғанда Сырдың қамысы өте сапалы. Сондықтан бүгінде Германиядан ғана емес, Дания, Франция, Италия, Англиядан сұраныс жоғары. Оны әзірлеп жіберу де оңай шара емес. Шөптің ұзындығы 1,5 метрден кем болмауы керек. Ал мұнда тер төгіп жүрген 15-ке жуық жұмысшы күніне 100-150 бау қамыс әзірлейді, – деді Венера Тайлақбаева. Иә, кесіп бастау оңай емес. Жетістікке жетіп, істі ұрышықша иріріп ақету үшін де ұтымалы пен зор еңбек керек. Кең алқаптан кем дегенде 100-ден аса қамыс ору жұмысы жеңіл болмайтыны да белгілі. Өз көсімін жедел жүргізіп, аудан тұрғындарын да жұмысқа тарту жақсы бастама. Жұмыс іздеп жан-жаққа жалтатпай, жатқа жем болмайды. Сіресе Сыр өңірінің өнімін

шетелге экспорттау экономикаға да оң ықпал етпек. – Еңбекқарнды адал аласың, Баянда сырға кететін едік. Қазір жұмыс ауылдың ішінде. Өзімізбен-өзіміз, ешкім мазаламайды. Баулау жұмысы, ертең мұның да маусым бітпеді. Қамыс шабу маусымы басталады. Онда да көмектесеміз, – деді жұмысшы Кебісін Балымбетов. Жұмыстың жүйесін тапқан кәсіпкер елде де қарқынды дамуда бөгелмейді. Оның дтіткен мақсаты соның дәлелі. Яғни ақмідіктен қамысты алқаптың 2 мың гектарын жалға беруді сұраған. Егер жоосары жүзеге асса, шетелдік технологияны өзі жүзеге асыруға ниетті.

– Алғашқы клиенттеріміз Нидерланды елінен болды. Біздің қамысты көріп, ұнатты. Содан тағы да тапсырыс берді. Олар басқа да елде де тұрақты тұтынушыларымыз бар. Олар негізінен бұл қамысты үйдің шатырын жабуға пайдаланады. Төбесі қамыспен жабылған үй қыста жылы, жазда салқын болады. Екіншіден, әдемі көрінеді, – дейді ол.

Осылайша қазалылық отбасы бір маусымда Еуропаға 60-70 жүк көлігін қамысқа толтырып, жөнелтеді екен. Табиғаттың сыйлың сұраусы қалдырмай, берері мол өнімді тұтыну дұрыс. Тамырында дейін қасиетті, сабағында салмағы басым өсімдікті өндіріске әзірлегені көңіл қуантады. Оның үстіне құрылыс тауарларының құны шарықтаған шақта тұрмыс-тіршілікте де қадеге асады. Қамыстың пайдасын тпзбектесе, тізім де толғасталмас. Өлтір құлап оскен қамысты тұтанған өрт қойнама тастамай, тіпті орылмаған күйі қалдырмай, жарамды іске жаратқаны жөн болды.

Нәзім АХМЕТ

экономиканың драйвері ретінде бизнес ерекше рөл атқарады. Себебі халық кәсіпкерлікпен шұғылдануға бейімделсе, мемлекеттің экономикалық мүмкіндігі арта бермек. Біздегі қарқын да құнарлық. Мұны жергілікті тауар өндірушілердің көрмесінен аңғардық.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы мен облыстық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған «Қазақстанның үздік тауары – 2023» өңірлік көрмесі байқуына 70-ке жуық кәсіпкер қатысты. Құрамында бизнес, мемлекеттік орган өкілдерінен тұратын сарапшылар байқауға қатысушылардың өнімдерімен танысып, бағалау жүргізді, үш номинация бойынша жеңімпаздарды анықтады. Нәтижесінде «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша ек тасын өндіретін «ОСТ – ОрдаСтройМарт», дайын металл бұйымдарын шығаратын «Қызылорда дизайн» серіктестігі, аз уйге арналған қыш жабындар әзірлеумен айналысатын жеке кәсіпкер «Нотари» үздіктер шоғырынан көрінді. Ал «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша күрші өндірісімен айналысатын «Жаңақол», тұз өндіретін «Алтын орда»



Дамыған елдерде «Үздіктер пішімінде кім бар?» түйе жүнінен төсек-жабық дайындайтын жеке кәсіпкер «Қазберенов», кондитерлік өнімдер шығаратын жеке кәсіпкер «Тәтті өлем» жеңімпаз атанды.

«ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауының облыстық шарасына қатысуға ниет білдірушілердің қатары, сондай-ақ республикалық деңгейде жеңімпаздардың саны жыл өткен сайын артып келеді», – деді кәсіпкерлер палатасының директоры Пирхаммад Сыздықов. Сондай-ақ, көрмеде қолөнер шебері Роза Әлбатырова тұтқи кілем тоқудан, суретші-қолөнерші Малика Сұлтанғазина ирілген құрғақ жүннен басу техникасында панно, сәнді қолөнер, кәде-өнім, ойыншықтар, аксессуарлар жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсетті. «Резин арт» және барельеф техникасы арқылы эпосқиді шайырмен суреттер мен декор элементтерін салу, табықшаларды безендіру, декорация жасау, сурет сапу әдісі бойынша да шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

М.СНАДИН

Қазақ «жас келсе – іске» дейтін тәлімді тәмсіл бар. Яғни жас буынның іске, жұмысқа араласуы қажеттігін меңзейді. Ал бүгінгі буында деградация (бөсеңдіктің бөсеңдеуі – авт.) байқалып келеді. Бұл бұрын да болған. Таяқтың екі ұшы болатыны белгілі. Яғни жастардың жартысы оқу-білімге, ғылымға, жұмысқа ынталы болса, енді бір бөлігі құлдыраудың алдында тұр. Ол дегеніміз – қоғамда болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытамыз, бәсекеге қабілетінің бөсеңдеуі, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге бейімделуі, оңай жерден пайда табуға ниеттенуі. Осыдан көп, еліміздің болашағына алаңдаушылық басталады. Сонымен қатар жастардың өз құқығын білмеуі де мәселеге айналып барады.

Еліміз бойынша 7 млн-ға жуық жас бар. Ол Қазақстан халқының 31 бөлігін құрайды. Демек, жастардың айтар ойы, олардың сұранысы қоғамда қозғаушы күш туғызуға қауқарлы. Сондықтан болар, жастардың үніне соңғы уақытта ерекше мән беріледі. Олардың мәселені ашық айтып, өз ойын білдіруге, ұсыныс тастауына мүмкіндік жасалып отыр. Бірақ «ұяламынның» ұясынан шықпайтындар арта қартып тұр. «Кейін» деп кербезденділердің көрі көлешекті булдыратып жібермесіне кім кепіл? Сондықтан бізде азаматтық институттың жұмысына жылдамдық, қызметіне қарқын қажет.

Айтпақшы, құқықтық сауаттылық жайында бірер дүние айтып өтейін. Танымал американдық өнертапқыш және бизнес-магнат Стив Джобс «жастардың өнертабысқа қызығуы – сол елді өмілді етеді, құқығын білуі – әділ мемлекетті қалыптастырады, ал жалқау

болуы – сол елдің түп-тамырымен жойылуына өкеледі» дейді. Расында, соңғы уақытта «Жаңа Қазақстан» деген ұғымды жиі пайдаланып келеміз. Бірақ оны мықтап қалыптастыру үшін түк істеп жатқан жоқпыз. Бұл үшін алдымен жастарға көңіл бөліп, білім беру реформасында, жұмыссыздықты жою мәселесінде нақты әрекетке көшіп, сапаға қызмет етуді қолға алу керек. Не десеңіз де, айтарым –

шыққан буынның біліксіз болмасына келіп бар ма? Бұл – біздің ұтылып жатқан тұсымыз. Істің артын бағатын болсақ, біраз дүниенің басын шаламыз. Алысқа бармай-ақ

жүгінеміз. Мұндайда шындық шырылдап қалатыны тағы бар. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» дегендей, жастарға деген жайнақ-аймымызды жаз-жаза жет-кізе алмауымыз мүмкін.

Нақты іске көшетін кезге келіп тұрмыз. – Біз құқықтық тұрғыдан зайырлы мемлекетте өмір сүргеннен кейін, әрбір жас осы дүниеге келгенде сауатты болғаны дұрыс. Кез келген оқу орнында жастардың түрлі жағдайға кездесу ықтималдығы жоғары. Ол құқықтық тұрғыдан болсын, басқа болсын. Қазірде сыбайлас жемқорлық мәселелері өте өзекті болып тұр. Мәселен, студенттер білместікпен емтиханды жабу үшін мұғалімге пара беріп, артынан бұл әшкере болатын болса, дипломсыз қалудан бөлек, болашақта жақсы жұмыс орнына тұра алмайтынын білмеуі мүмкін. Кейде біреудің мүлкін рұқсатсыз алып, ұрлық жасаса, бас бостандығынан айырылуға дейін баратынын білген болса, оның әрекеті басқа болар ма еді?! Мін осы жағынан қарасақ, жастар құқықтық сауаттылыққа мән бергені мен. Мұндай әрекеттер болмауы үшін заңгерлер оқу орындарында

арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жастардың өз құқықтары мен міндеттерін таныстыру керек деп ойлаймын, – деді заңгер, «Әділдік жолы» РҚБ Қызылорда облыстық филиалының басшысы Ләззат Бақтыбаева. Заңгердің айтуынша, қазіргі жастарда құқықтық сауаттылықтың болмауы оның түрлі сын-қатарде қиындыққа тап болып, құқығының тапталуына алып келеді. Кез келген топта өз сөзін дұрыс айта алмай, бәсекеге қабілеттің болмауы – өз мүддесі үшін күресе алмаудың белгісі. Мұндайда оған қажеті керемет қасиеттер емес. Құқығын білуі ғой. Бүгінде жас буынға тағылатын айып көп болса да, ол кешірімді. Себебі жас шыбық иіледі. Ал құраған ағаш морт сынады. Келешекті көрсетуге жастарға дұрыс бағдар беріп, болашаққа дайындау қажет. Осы үдеде жетілген жас болашақта бюрократтық жүйені жойып, нағыз ояу, креатив қоғамның пайда болуына жол ашады.

Түйін. Жағымпаздықтан құтылып, жампас жастық жасақтау үшін үш-ақ дүние жеткілікті. Ол үшін еліне жанышар әрбір жанның бойында нұрлы қанлқ, ыстық қайрат, жылы жүрек болса, Абай армандаған «толық адам» болмысы қалыптасып, өркеніеттің өрісінде тұрақтаймыз. Жастарды – мәселе деп ғана қарағанды тоқтатсақ, сенім білдірсек, жетістік үшін күш жұмсасақ, кейін мәуелі жеміс береріне сенім мол. Құй сен, құй сенбе, бізде құқыққа құрмет, заңға сыйластық орнағанда жаңарған Қазақстанды көреміз.

Ердеулет ҚАЛИЕВ

# ҚҰҚЫҚҚА ҚҰРМЕТ, ЗАҢҒА СЫЙЛАСТЫҚ КЕРЕК

осы. Жастарды заманауи болмыс пен көзқарасқа тәрбиелеуіміз керек! Джобс бұл сөзі арқылы стереотиптерді жоюға да үндейді. Мысалы, бізде бұрынғыдай жас буынды билікке, саясатқа арналастыра бермейтін. Өйткені оған деген сенім болмайтын. Ал қазір жастардың ойы маңызға ие. Неге десеңіз, билік басындағылардың мемлекетті дамытуға, өзгеше бағдарламаларды жасауға деген ойы сарқылтып біткен. Бюрократизмнің шекпенінен шыққан шенеуніктер ендігі жастардың ойы мен идеяларына көңіл бөліп келеді. Жаңару деген осы емес пе, иә? Бұрынғы «мәке-сәкенің» басымызға тигені қашан. Сауатсыз, тәжірибесіз, біліксіз мамандардың саны басым. Олардың барлығы дерлік қалтасындағы пұлды «қазынаға» құйып, «ақыл» жұмысқа орналасып, мансап жолындағы баспадағын басқан. Олардан тәрбиеленіп

қоя-йық. Құқықтық сауаттылық деген дүние қай кезде керек десеніз, осы жерден бастап, өз құқығыңызға мән беруіңіз керек. Елімізде мынаша заң, мынаша бап бар деп жіпке тізіп жатудың қажеті шамалы. Ата Заңда айып жоқ. Барлық жағдай үшін шешім, үкім және жаза қарастырылып қойған. Оның бетін ашпай, өзімізге қажетті қатарын қарамайтын біздің құқығымыз тапталса, есеміз кетсе, заңға емес, қолында билігі бар көкеге

армандамасаң да болады» деген пікір айтады. Бұл – бір жыл бойы кітап оқып, есеп шығарып, тесттерді талдаған баланың еңбегін құнсыздандырудың көрінісі. Талапкер ұстазы айтпай-ақ, жинаған ұпайы қай мамандыққа жететінін біледі. Ол мүлде ақпараттық технологиялар саласында еңбек етуді мақсат етпеген болуы да кәдік. Сол себепті бұлай айту қаншалықты дұрыс? Адамның еңбегін құнсыздандыруды айттық. Енді уайымын құнсыздандыру бойынша бірер мысал келтірsek. Тәңірдің жаратқан пендесі болғаннан кейін адамның денсаулығы сыр беретін белгілі. Мұндай кезде жұмыс істеу түгілі, басын көтеріп жүруге құлқы болмайды. Жұмыс берушіге «бүгін ауырып қалдым, жұмысқа бара алмаймын» деп айтуға амалсыздан мәжбүр болады. Сол кезде басшы «бізде ауырып, жұмыста отырмаңыз» деп жауап береді. Бұл оқиға да адамның денсаулық жағдайын, уайымын құнсыздандыру болып есептеледі. Уайымға қатысты тағы мысалмен түсіндірейік.

– Ертең қиын сабақтан емтихан болады. Жаздық семестрге қалып қоймасам игі еді. – Соны да қиын сабақ дейсің бе? Ол-оңай ғой, тоба! Сұрақтарды қарап, жауаптарын жаттап алсаң. Иә, сіз үшін ол пәннің қиын болмағаны жақсы. Бірақ басқа адам үшін өте қиын болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл мәселеге алаңдау танытса, оның кітаптың бетін ашпай дайындалмағанын білдіретінді. Тағы да адамның уайымын құнсыздандыруды көріп тұрмыз. Бұған қоса, бір сағат кәлемінде кітаптың қызығына батып, қуаныштан «мына кітаптың 100-ге жуық бетін оқып тастадым» десеніз, «кей тұсын тастап кетіп оқып жатқан шығарсың» дейді. Бұл да сіздің еңбегіңіз бен сезіміңізді құнсыздандыруға жатады. Дей тұрғанмен, құнсыздандырудың екі жағы бар. Саналы және бейсаналы, жағымды және жағымсыз, қолдау және келеке

ету. Мәселен, «Мен сенің орнында болсам, ананы-мынаны істейтін едім. Сенің жүрісің мынау 20-ға келіп, түк те бітпедімді. Иә болмаса, жұрттың қызы секілді тұрмысқа шығып, бала таппайды. Иә адамға, иә Құдайға көре емессің!» Бұл құнсыздандыру ашық айтылғанымен, бас жүрмей, тірлікке ұмтыл, өмірге бейімдел дегенді білдіреді. Яки қолдау. Сондай-ақ, ұстаздардың тапсырмасын орындап барғанда «Осы ғана ма? Деңгейің осыған жетті ме? Бар мүмкіндігіңді неге қолданбайсың?» деп айтады бар. Бұл да – құнсыздандырудың жарнақтары. Десе де, астарында қолдау бар. Ең көп құнсыздандыру – өз-өзіңді бағаламау. Көбіне сыртқы күштердің әсерінен болады. Ес білгені әр адамның көзқарас, пікірін тыңдау, тіпті біреуді эталон қылу арқылы туындайды.

Түйін. Біз өзіміздің қадір-қасиетімізді бағалайтын адамдардың алдында ғана кемшіліктерімізді ашық мойындай аламыз. Сол адамдар ғана сізді құнсыздандыра алады. Бірақ ол – құнсыздандыру емес, қолдау. Десе де, оны кім, қалай айтып тұрғанына мән беру керек.

Азамат АБИМОЛДА



## «ЖҰРТТЫҢ БАЛАСЫ» НЕГЕ АРТЫҚ?

бірден мысалмен түсінікті қылып жеткізейік. Жаз айы кей адам үшін, әсіресе балалар үшін демалыс мезгілі. Ал мектеп пен университет бітіруші түлектер үшін өмірінің маңызды сәттерінің бірі. Мәселен, өуірімідеп жүріп 4-курсты аяқтап, қызыл дипломын алған түлекке айналасындағы адамдар былай айтса, «Сен алмағанда кім алады? Университеттің

көр ҰБТ-ны тапсырып, 90 баллды еншіледі. Соған шүкіршілік етіп, қуанышында шек жоқ. Таңдау пәні физика-математика болғаннан кейін мамандықты шертіп тұрып таңдамаса да, мемлекеттік грантқа түсуге толықтай мүмкіндігі бар. Бірақ оған ұстазы «бар болғаны 90 балл ма? Мыңның жеткен жері осы ма? Енді IT-ға түсемін деп

кер



– Түрлі жобаларды ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде қазалықтардың бөлсенділігі басым. Аудан жастарымен ашық диалог орнатудың артықшылығы неде?

– Статистикаға сәйкес, ауданда қазіргі таңда 23907 жас бар. Ол аудан халқының 29,9% құрап отыр. Жастармен түрлі бағытта түрлі тақырыпта жиі бос қосып тұрамыз. Мәселен, жыл басынан бері 96 мәдени шара (акустикалық кеш, караоке кеші, қылқалам шеберлерінің сайысы, поэзия кеші, интеллектуалды сайыс, танымдық кеш, жастар фестивалі, мобилография сайысы) ұйымдастырылды, 35 спорттық сайыс, 50 кеңес беру акциясы, жастар арасында ұсақ құрықбузушылықтардың алдын алу бағыттары бойынша 60-тан астам қоғамдық рейдтік шаралар өткізілді. 700 жасқа кеңес беріле, заңгерлік тұрғыдан 50 жас көмек алды. Ресурстық орталықтың бастамасымен «Жастарға жаңа мүмкіндік» ақпараттық көруені аясында түсіндірме жұмыстары өтті. Нәтижесінде алғашқы жұмыс орны бағдарламасы бойынша - 7, жастар практикасы арқылы - 17, қоғамдық негізде - 1 жас жұмысқа орналасуға ниет білдірді. Жастарға арналған 2,5 проценттік несие алуға 28 жас өтініш білдірсе, оның 21-і құжаттар тізімін алған. Ал қоныс аудару бағдарламасы бойынша Жезқазған және Абай облысына көшуге 3 жас отбасы

Жастардың сұрағы жауапсыз қалмайды. Жұмыс іздеп жүрген жастарға мамандығына сәйкес «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыс» бағдарламалары арқылы жұмыс ұсынылады.

Сонымен қатар аудан жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың ойлау қабілетімен қоса, еркін сөйлеу, сөз-саптау қабілетін шыншау мақсатында жыл сайын дәстүрге айналған «Жаңа Дәуір-Жаңа Қазақстан» тақырыбында жастар фестивалі өткізіледі. Өткен жылы оған барлығы 157 жас қатыстырылып, 4 бағыт бойынша бақ сынады. Ғылыми жобалар бағыты бойынша үздік деп танылған жеңімпаздарға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу гранты және оқу ақысына 50, 25% жеңілдікпен оқитын сертификаттары, табысталған болатын. Басқа жеңімпаздарға бағытына байланысты барлығы 300 мың теңгенің көлемінде қаржылай сыйақылар табысталды. Аталған шара алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында жастарды қолдау басты мақсатқа айналдырып айтқан еді. Міне, соның аясында жұмыс істеп жатырмыз. Жастар мемлекет тарапынан беріліп жатқан мүмкіндікті тиімді

кәсіпкерлікке бет бұрса, түрлі гранттарды қолдана алса, біздің миссиямыздың орындалғаны деп білемін. Аудан жастарымен ашық диалог орнату арқылы ел болашағы – бүгінгі бұрынғы сұранысы қандай екенін, не қалайтын түсінеміз, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға тырысамыз. Ал жастар арқылы ауданның болашағы жарқын болмақ.

– Аталған санат бойынша ауданның ахуалы қандай? Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынууда?

– Ауданда NEET санатында 829 жас бар. Жастардың дерекқорын анықтау мақсатында сәуір айының 7-14 күндері ауданарлық аурухананың арнайы РІПН (бекітілген халықтық тізбегі) базасы, жұмыспен қамту орталығының базасы, Қазалы ауданның полиция бөліміндегі кеші қоныс базасы бойынша учаскелік полиция қызметкерлерінің қызметтік планшеттен жеке сәйкестендіру нөмірлері арқылы нақты байланыс құралдары мен мекен-жайлары анықталды. Осы бойынша әдрестік, базалық анықтау жұмыстары жүргізілді.



тарға кімдерді жатқызуға болады? деген сұраққа

нақты жауап алатын боламыз. Сарапшылар NEET санатындағы жастарға негізінен, кәсіби білімі

жоқ, жұмыс істегісі келмейтін жастарды жатқызыатынын айтауда. Үкімет еліміздегі аталған санаттағы жастардың санын қысқартуды көздесе, бірінші кезекте жастардың кәсіби білім алуына жағдай жасауы керек. Ол үшін еліміздің ер аймағында кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарын құрып, олардың жастар арасында тартымдылығын арттыруға күш салу керек. Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадиров заңдағы бірқатар ұғымды бекіту қажеттігіне тоқталған болатын.

“Қазіргі таңда жұмыспен қамтылмаған, ешқандай жерде оқымайтын, бос уақыты көп, өзінің біліктілігін көтермейтін жастар бар. Оларға NEET санатындағы жастар ұғымы енгізіліп отыр. Қазақстандық әдіснамада топтардың әрқайсысында атаулы тәсілді қамтамасыз ету үшін NEET санатына жатқызуға болатын жастар тобын нақтылау көзделген” деді ол өз сөзінде. NEET санатындағы жастардың 4 бағыты бар. Біріншісі, жұмыссыз жастар. Екіншісі, қызметке қабілетті, алайда мүмкіндігі шектеулі жастар. Үшіншіден, белсенді емес жастар. Төртіншіден, үй шаруасымен айналысатын жастар.

– Жұмысыңызға сәттілік!  
Өңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ



қрызығушылық танытып, қажетті сурақтарына жауап алды. Кездесу барысында мемлекеттік бағдарламалар насихатталып, мағлұмат берілді.

пайдалану үшін насихат шараларын кең ұйымдастырудамыз. Осы сынды және өзге де жүзеге асырылып жатқан жобалар барын жастарға түсіндіре алсақ, олар

# ЖАСТАРДЫҢ СҰРАҒЫ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Нәтижесінде бала күтімінде, үй шаруасындағы - 79, жұмыссыз ретінде тіркелген - 3, тіркелмеген жұмыссыздар - 149, жұмысқа тұрған - 81 жас анықталып отыр. Ал бейресми жалдамалы жұмысшылар - 317, студент - 26, мектепте оқып жатқаны - 1, оқуды жалғастырмай келмейтін, білімі жоқ жастар - 2, ҚР сыртқы істер бөлімі алатын - 1, өзге қалаға қоныс аударған - 17, 35 жасқа толған жастар - 194 жас.

## ЖЫЛБЕКТИҢ ЖАҢА БАСТАМАСЫ

Бүгінде кәсіптен айналысатындар қатары көбейген. Әр нәрсенің басын шапмай ойлағанын ой қазында пісіріп, бизнес жоспарын жүзеге келтіріп қуантады. Ынта мен ниетті, жігер мен еңбекті бір арнаға тоғыстыра білгендер несібесін кәсіптен тауып отыр.

Жалағаштық Жылбек Қуаныш та істің көзін танып, кәсібін одан әрі кеңейтіп келеді. Яғни киіз-үй жабдықтары, қыз жасауы, ағаш қолөнер бұйымдары, ат жабу, той бастар, шежіре және шымылдық әзірлейді. Өндірген өнімі, дайындаған бұйымы көпшіліктің көңілінен шығуда. Мұны күн сайын түсетін тапсырыстардан білуге болады. Кәсіптік ұйымның жетекшісі Жылбек жылдамдыққа сүйеніп, белгіленген уақытта тапсырысты тығылықты аяқтап, талғампаз тұтынушылардың қуанышын еселеуде. Кәсіпкердің қиялында шек жоқ екені, осы салада өзін бейімдеп, машықтандырағаны әр жұмысынан білдіні. Мәселен, этностильдегі жастықтар соның көрінісі. Одан бөлек қолөнер бұйымдары да айналымынан орнын тапқан. Тағы бір қызығы ол ешкі сүтін негіз етіп, құрамына француз өтірлерін басқа да қоспаларды қосып сабын да өндірген. Әліп сабындардың пішіні дүкенде сатылатын өнімдерге мүлде ұқсамайды. Мұның өзіне ізденімпаздық пен жан-жақтылық қажет. Осылайша, түрлі бөлек, хош иісі аңқыған ерекше сабын өнімдерін сатып алатындардың санында шек жоқ.

– Өзім тіккен қыз жасауын, ұлттық нақыштағы көрпе мен жастықтардың суретін әлеуметтік желіге жариялаған күннен бастап тапсырыс түсе бастады. Кейін ұлттық нақышта киім тігумен айналысатын алматылық компаниямен бірге жұмыс істеуге ұсыныс түсті. Ұсынысты қабылдап, Алматыда бір жыл тәжірибе жинақтаған соң туған жерге оралдым. Сонымен қатар тәжірибе алмасу мақсатында қолөнершілердің ортасы Талдықорған мен Таразға да бардым. Сапар барысында көп нәрсені үйрендім, өз бизнесіме жаңалықтар енгізе бастадым, – деді Жылбек Русланбекұлы.


Егер бір орында тұралал қалса, дамуында даңғыл жолына түсем дегу бекершілік. Ал Жылбек ізденуде ілгері жүретіндіктен сапалы өнімі сұранысқа ие. Жеткен жетістігі де аз емес.

– 2018 жылы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы арқылы үкіметтен 240 мың теңге көлемінде



«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспановтың 90 жылдығына орай «Еңбек пен жырды тоғыстырған еңбек ері» атты қолөнер шеберлерінің аудандық байқауында 1-орын иелендім. Содан бері жалағаштықтар арасында тіпін саласындағы жұмысым таныс болса бастады. 2021 жылы «Қолөнер – асыл қазына» кәсіп-фестиваліне белсенді қатысқаным үшін облыс әкімінің алғыс хатын иелендім. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы арқылы «Үкілімі» брэндімен қыз жасауын дайындау мақсатында 297 мың теңге қайтарымсыз грант жеңіп алып, кәсіпімді кеңейткен болатынымын, – деді Жылбек Русланбекұлы.

Тауарды түр-түрін өндіріп, креативті ойымен кәсібін жандандырып жүрген жас кәсіпкердің ұмтылысы әрі талай бөлеске жетелейтіні анық.



# СҰР СХЕМАЛАРҒА ТОҚТАМ БОЛСА...

**Шетелден заңсыз жолмен көлік әкелу дерегі азайып кетті.** Жақында елде 486 көлікті заңсыз тіркеген ұйымдасқан қылмыстық топ шөкере болды. «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ қызметкерлері мен азаматтық тұлғалардан тұратын топ өткен жылдың қаңтар айынан бастап заңсыздыққа жол берген. Өрбір көлік үшін қызмет құны 400 мың теңгеден 1,6 млн теңгеге дейінгі аралықта болғаны анықталды. Жақында президент те Ішкі істер министрлігінің алқа мәжілісінде осы түртіпкі көтеріп, бірқатар тапсырма берді.

«Ел аумағына әкелінген шетелдік көліктер жолдағы жағдайды ушықтырып жіберді. Олар тіркеусіз жүреді. Мұндай көліктерді тізгіндеген жүргізушілер жол жүру ережесін өрескел бұзды және көбіне жазасыз қалды. Қазір мейін тапсырма бойынша бұл көліктердің мәселесін құқықтық тұрғыда реттеу үшін заңдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың үстірт шешімі осындай көліктердің елге жаппай әкелінуіне себепші. Енді жіберілген оқлықтарды түзеуге мәжбүр болып отырмыз. Оның ішінде Ішкі істер министрлігінің де қателіктері бар. Бұдан бөлек, шетелдік көліктерді әкелумен және оны есепке қоюмен айналысатын қылмыстық схемалар пайда болды. Оған полиция қызметкерлерінің де қатысы бар. Әділетті әрі құқықтық мемлекетте бүкіл құқық қорғау жүйесінің атына кір келтіретін мұндай заңсыздықтарға жол берілмеу керек. Сондықтан құқық қорғау органдары осы саладағы мамандармен және азаматтық белсенділермен бірлесіп, аталған мәселемен жан-жақты айналысуы керек», – деді мемлекет басшысы.

ІІМ дерегі бойынша бұған дейін елімізде 300 мыңнан астам шетелдік тіркеудегі көлік жүрген. Көліктің көбі ЕҚО-ға мүше үш елдерден келген. Яғни Ресейден – 259 527, Қырғызстаннан – 25 546, Армениядан – 17 911 көлік келген. Маусым айындағы жағдай бойынша 161 мың автомобиль заңдастырылған. Сондай-ақ, 22 мамырдан бастап 7 мыңға жуық автомобиль-конструкторлар қазақстандық есепке қойылған.

Ал қазақстандық автобизнес қауымдастығының дерегіне, өткен жылғы жаңадан тіркелген автокөліктердің саны бірден 12%-ға құлдырап отыр. Сатылған көліктер саны осы кезеңде небары 1,3%-ға ғана өсіпті, яғни рецессияға, минусқа кетуге жақын. 2022 жылғы қаңтар-қараша айында Қазақстанда 1 160 972 автомобиль тіркелген. Бұл ретте азаматтар осы аралықта автосалондардан тек 11 608

көлік қана сатып алды. Соның ішінде елімізде 99 244 машина өндірілген. Сарапшылардың байламынша, қазақстандықтар заңды және заңсыз жолдармен шетелден ұсталған автокөліктерді тасуын тек ұдетті, тіпті миллионнан артығын әкелген. Елдегі соңғы оқиғалардан кейін «ӨКМ операторы» ЖШС жойылып, утилизациялық алып азайылғанда халық енді көлік бағасы арзандайды деп үміттеніп еді. Ол ақталмады. Өйткені сонымен бірге салықшылар баж және басқа алым-салық түрлерін күрт арттырып жіберді. «Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында 2023 жылға арналған автомобильдердің салық салу бағаларының жаңарған ставкаларын қарап, шошымды. Бір жыл уақыт ішінде осымен 4 рет көтеріп отыр. Сорақысы сол, тіпті машиналар өскірген сайын оның бағасы да шарқатқай түседі. Шетелдік автонарықта көліктің «жазы ұлғайған» сайын оның бағасы арзан бола түседі. Ал біздің салықшылар арттыра береді. Салдарынан салоннан сатып алынған су жаңа көліктен де қымбат етіп қояды. Салық есептейтін баға абсурдқа дейін барады. Мысалы, 2021 жылы 10 мың долларға бағаланған машина маркасы биыл 50 мың долларға жеткен», – деп қапаланды кәсіпкер Әсел Насыпова.

Бұл ретте салаға жауапты Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті елге импортталатын автокөліктерді маркаларына, моделіне, бағалық диапозондарына тұрақты түрде талдау жүргізіліп тұратынын хабарлады. «Азаматтарға қолайлы болу үшін бағаға қатысты ақпарат комитеттің интернет ресурстарында жарияланады. Мұндай жұмыс тек



автомобильдерге ғана емес, басқа барлық тауарлар бойынша да жүргізіледі. Жалпы, тауарлардың кедендік құны Еуразиялық одақтың кедендік заңнамасына сәйкес анықталды. Бағаға қатысты ақпарат одаққа мүше елдердің кедендік органдарынан, автокөлік саласындағы кәсіби бірлестіктер мен қауымдастықтардан, жеткізушілерден, тасымал және сақтандыру компанияларынан, заңмен тыйым салынбаған өзге тәсілмен, соның ішінде интернеттен алынады. Деректердің толымдылығы және сәйкестігі үшін АҚШ, БАӘ, Жапония, Корея, Еуроодақ елдерінің көлік сататын сайттары да талданды», – деп түсіндірме берді.

Ведомство «гер кедендік құн бойынша нақты, сенімді, құжатпен расталған ақпарат ұсына алса, онда декларанттың кедендік құны қабылданатынын» еске салды. Мәселен, көлік иесі жөнелтуші елдің экспорттық декларациясын, тауарды жеткізудің тасымал шығыстарын, инвойсты, сатушы мен сатып алушы арасындағы сауда келісімшартын, банктік аударманы немесе аукцион арқылы алса, аукциондық парақты ұсына болады. Салада жылдар бойы қордалаған проблеманы кешенді шешу кезек күттірмейді.

Бұған дейін президент тапсырмасына сәйкес, шетелдік көліктерді заңдастыру туралы Сәтін Сенат 2022 жылдың қарашасында қабылдаған болатын. Оны алғашқы тіркеу құны 200 мың теңге деп бекітілді. Елімізде 23 қаңтардан 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген автокөліктерді есепке алу жүрді.

Сондай-ақ осы жылдың 1 шілдесіне дейін өтінім берген барлық азаматтарға автокөліктерді заңдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, заңдастыру құқығы берілетіні айтылды. ЕАЭО елдерінде бұрынғы тіркелген жері бойынша сенестен шығарылмаған және осы бекітілген заңдастырылмаған автокөліктерге келсек, олардың иесі көлікті кері әкетеі. Ал егер басқа елдері бұрынғы тіркеу орнынан есептен шығарылса, Қазақстанда кейіннен бастапқы тіркеу туралы міндеттеме және 5 жылға Қазақстанда уақытша есепке қою құқығы беріледі.

М.СНАДИН

Бұған қоса, жыл басынан бері бензин 10%-дан астамға, ал дизель – 20% қымбаттап шыға келді. Үніметтегілер мұндай кадам Ішкі отын нарығын тұрақтандыру және Қазақстан мен көрші елдер арасындағы баға айырмашылығын төмендету үшін қажет деп шешті.

Тіменше, республикада бензин мен дизельді отын көлемімен қозғалатын автомобильдер де қожайыншыға қалтасын қағады.

Нәтижесінде электромобильдер қалады. Электр қуаты көптеген өңірде жеке тұлғалар үшін салыстырмалы түрде алғанда арзандау күлде қалып тұр. Ал заманауи электрлік көліктерді қаралаймын розеткалы электрлік ұзартқышымен (пилотпен) де қуаттандыра салуға болады. Ол үшін арнайы қуаттандырылған станцияларды сабыла іздеп жүру қажет емес.

ҚР Ішкі істер министрлігінің 2022 жылдың наурыз мен биылғы наурыз айы аралығындағы статистикасы көрсетіп бергендей, елімізде электромобильдер саны біршама өскен: 631-ден 1,9 мыңға дейін.

Электрлік қозғалтқышы бар автокөліктер, әсіресе, бытырғы жылдың желтоқсан айынан бері көбірек тіркеле бастаған: бір айда бірден 521 «жасыл» көлік қосылған. Сонымен қатар, Биылғы қаңтар мен наурыз айлары арасында сатылған электромобиль саны да айтарлықтай артқан.

Соның он жылда электромобиль саны бойынша мұндай елеулі өзгеріс осымен алғаш рет көрініс беріп отыр. Айта кету керек, электр көліктері бойынша магістреттерді Ұлттық статистикалық бюро 2012 жылдан бері жариялап келеді. Бұған дейін электромобильдер санының күрт өсуі 2016 жылдың 1 қаңтарында байқалған болатын: 785 машина.

8,8% және 6,9% ғана. Статистикалық есептерде көрсетілгендей, елімізде қоғамдық көліктердің бұл түрінің басым бөлігін сатып алуға бытырғы желтоқсан айынан бастап кіріскен. Сол тұста бірден 109 электрлі автобус тіркелген болса, бытырғы наурыз айының соңында олардың саны 134-ке жеткен.

Электромобильді көліктер санын арттыру үшін мемлекет те бар жағдайды жасауда. Мысалы, кеденде электромобильді тегін рәсімдеуге болады. Кедендік рәсімдеуден өту үшін Қазақстан азаматы кеден бекетінің инспекторына жүгінуі керек. Ол Қазақстан азаматының жеке басын куәландыратын құжатын, көлікке меншік және қолдану құқығын растайтын құжатын ұсынуға тиіс.

Сондай-ақ ол аталған тауарға ілесіп құжаттарды, соның ішінде СМР, тауар-көлік жүкжұқатын, инвойсты, көлік құралының паспортын көрсетуі қажет. Азамат жолшаушылардың кеден декларациясын өз қолымен толтырады. Бұл ретте декларация

тұрақты тұтындарға сатуға, солардың пайдалануына беруге, билік ету құқығына тапсыруға тыйым салынады. Үш жылдан соң оған да рұқсат.

Қоғамдық көліктерді «жасылдандыру» үрдісі, негізінен, Астана және Алматы қалаларында байқалау. Елордада тіркелген электрлі автобус саны 67, ал оңтүстік астанада – 32. Алайда, астаналық автопарктардың есеп мәліметтерінде алшақтықтар болса керек. Мысалы, Астана әкімшілігі баспасөз қызметінің ақпаратында, өткен жылы бұл мегаполисте қала ішіндегі маршруттарға электрлік қозғалтқышы бар 115 автобус шыққаны туралы айтылады. Биылғы жылдың соңына дейін Астанадағы электрлі автобус санын 300-ге дейін арттыру жоспары да бар көрінеді...

Жалпы, еліміз бойынша батарея негізінде қозғалыса келетін автокөліктердің басым бөлігі, яғни

электромобильдер саны бәрібір аз – 249 ғана.

Бұл тұрғыдағы жетекші өңірлер қатарына Алматы облысын да жаттызуға болады: 2023 жылдың 1 сәуіріндегі ақпаратқа сәй, бұл облыста 100 шақты эвоавто тіркелген.

«Жасыл» көліктердің ең аз саны Ақмола (4), Ұлытау (4) және Солтүстік Қазақстан (2) облыстарында байқалған.

Айтпақшы, ҚР парламент мәжілісі депутаттарының бірқатары, Қазақстандағы «жасыл» көлік санын ұлғайтып, дамытуды тежеп отырған фактордың бірі ретінде – елімізде электромобильге қажет инфрақұрылымның орта қалың алға тартады. Қазіргі таңда облыс орталықтарының бәрінде де электрлік көліктерді зарядтаушы қоғамдық станциялар бар деп айта алмаймыз, ал аймақаралық трассалар бойындағы арнайы станциялар туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Сонының салдарында деп қазір Қазақстанда электромобильдер тек қалада жүруге арналған көлік түрі ретінде қалып отыр. Сол сияқты, отандық автотрансты жіті назарға алған сырт көз сарапшылар, еліміздегі электромобиль санына қатысты ресми деректерге күмәнмен қарайтындарын да жасырмайды.

Әйтпекті, Ішкі істер министрлігінде көлік тіркеу барысында көлік иелерінен отын түрін көрсету сынды міндетті талап жоқ, – дейді олар.

Бүгінде Қазақстан көшелерінде жүйткіп жүрсе, электромобильдердің бір бөлігі – гибриді, яғни олардың қозғалтқышы бензинмен де, электр қуатымен де жұре алады. Ал аралас отынды қолданатын көліктер бойынша ІІМ бөлек статистика жүргізеді. 2023 жылдың 1 сәуіріндегі жағдайға сәй, елімізде аралас отынмен жүретін 337,8 мың көлік тіркелген. Олардың ішінде электрлі гибрид көрсетуші үлесі нақты анықтан көрсету мүмкін емес.

Р.МАҚСҰТ

# ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ: БОЛАШАҚ ҚАНАДАЙ?

бланкісін алуға және декларацияны толтырып, тапсыруға да ешқандай ақшалай төлем жасау қажет емес. Тек электромобильді тегін рәсімдеуге бір ғана шектеу кедергі болуы мүмкін. Кедендік тазарту уақытынан бастап 3 жыл ішінде осы келісетін Ресей азаматтарына немесе Ресейде

1,2 мыңы не 63,9%-ы Алматыда тіркелген. Мұны бірнеше фактормен түсіндіруге болады, оның ішінде бұл қалада миллионер бизнесмендердің көбірек шоғырлануымен де.

Екінші орында – Астана қаласы, бірақ Алматымен салыстырғанда ел астанасында жүйткіп жүрген



**Елімізде 1 шілдеден бастап автогаз жаппай қымбаттайды. Себебі сүйісілген мұнай газының шекті құны бірден 20% көтеріледі: әрбір тоннасы қазіргі 33 600 теңгеден 40 320 теңгеге дейін өседі. Бұған қосылған құн салығы да үстемеленеді. Осының алдында 5 өңірде автогаз (СМГ) бағасы күрт көтерілді. Осылайша, биылдан бастап газбен жүретін көліктерді пайдалану шығыны артады.**



Ерікті жастардың негізгі атқаратын 4 бағыты бар. Ол – білім, қайырымдылық руханият бағыты, спорт және өнер. 4 бағыттың ішіндегі ауқымдысы – қайырымдылық. Мұның ішіне көптеген әлеуметтік жағдайдағы ізгі істер кіреді. Тұрмысы төмен отбасы мүшелерін жұмыспен қамту, баспана соғу, кәсіпке баулу, тегін киім-кешек үлестіру, азық-түлікпен қамтамасыз ету.

Айта кету керек, қоғамдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың баспаналы болуына ұйытқы болу мақсатында еріктілер тобының бастамасымен асар әдісі арқылы бүгінге дейін 11 отбасыға баспананың кілті табысталған. Баспана соғуға жергілікті өкімдік тарапынан да қолдау

көрсетіліп, арнайы жер телімдері бөлініп берілген.

Сонымен қатар, ерікті жастардың бастамасымен балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін 2 балалар ойын алаңы салынды.

Қайырымдылық бағытында «Қармақ» жобасы іске асуда. Бұл жоба шығыстың «қарны ашқан адамға балық берме, қармақ бер» деген нақылынан туындаған. Оның аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мүшелерін кәсіпке баулу бойынша мастер-класстар өткізіліп, керекті құрал-жабдықтары алынды.

Білім бағыты аясында жастарға арналған түрлі семинарлар, интеллектуалды ойындар өткізіледі. 2022 жылдың желтоқсан айында мектеп оқушылары арасында

«Интеллектуалды ұлт» сайысы және «Кайдзен – үздіксіз дамудың құпиясы» кітабының авторы Ғани Байғалиұлының жас кәсіпкерлерге арналған тегін семинар-тренингі өтті.

Жыл сайын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы мен қасиетті құрбан айт мерекелерінде халыққа арнап дастархан жайылып, ұлттық ойын түрлерін жарыстар ұйымдастырылып келеді.

Спорт және өнер бағыты аясында ерікті жастар спорттық сауықтыру бағытында «Ауылдан – Олимпиадаға» атты спорттық эстафеталық жобасын қолға алды. Жоба мақсаты – Жаңақорған өңірінен шыққан спорт саяқтарын ауылдарға тарта отырып, елді-мекен жастарын саламатты өмір салтын ұстанып, патриоттық жігерін асқақтату.

Өңірлерде болған төтенше жағдайлар кезінде де қарап қалмай, көмек қолын созып, азық-түлік, киім-кешек, гигиеналық заттар мен қаржылай қолдау көрсетіп, игілікті істермен де үздіксіз айналысып келеді. Еселі еңбегімен елдің құрметіне, көптің ыстық ықыласына бөленген жастарға аудан тұрғындары ризашылығын білдіріп, рахметін айтады.



«Жаңақорған Жастары» еріктілер тобын қызылордалықтар жақсы біледі. Бүгінде олардың қатары 150-ге жуық жас, аға буын өкілі, кәсіпкер мен сан салалы маманмен толықты.

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛІГІ: 11 ОТБАСЫҒА БАСПАНА

## ЖАҢА АВТОВОКЗАЛДЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Қызылорда қаласының сол жағалауында жаңа автовокзал ғимаратының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібек жергілікті заманауи нысан құрылысының басталуымен құттықтады. «Ел Президенті мен Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында аймақтағы жобалар өркен жайып, жаңа нысандар салынууда. Оның ішінде көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша да ауқымды жоспарымыз бар. Біз өткен жылдан бері аймағымыздың негізгі жактасы саналатын әуесжай, теміржол вокзалы, автовокзал инфрақұрылымын дамытуға басымдық бердік. Соның нәтижесінде әуесжай алаңы жаңарып, жаңа автовокзалдың құрылысы басталды. Осы жылдың наурыз айында ел ағаларымен бірге жерімізді Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 15 млрд теңге болатын «Қорқат Ата» әуесжайының жаңа терминалының іргетасын қаладық. Бүгінде терминал құрылысы қарқынды жүруде. 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне табыстаймыз», – деп аймақ басшысы.

Жаңа автовокзал пайдалануға берілгеннен кейін барлығы 55 автобус маршрутты (124 рейс) ұйымдастырады. Мұның бөлек, Ташкент қаласына 1 халықаралық рейс, 46 ауданаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черевьевка), Ақтөбе және тағы басқа қалаларға 8 маршрут жолға шығады. Нысан жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетуге ыңғайластырылып салынады. Құны 975 млн теңгені құрайтын жаңа автовокзал құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, халық игілігіне қызмет етпек.

## ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Аймақтағы 30 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары құжат қабылдауда. Бүгінгі күнге дейін, яғни 7 күн ішінде 400-ге жуық талапкердің құжаттары қабылданды. Шара 25 тамызға дейін жалғаспайды.

– Аймақтың еңбек нарығының сұранысына сәйкес 4 668 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет - 3108, республикалық бюджет – 1560) бөлінді. – деп облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бекжан Есенбаев.

Талапкерлерге ыңғайлы болу үшін құжаттарын қабылдау үрдісі автоматтандырылды. Құжаттар Egov.kz электронды кілтте порталы және тікелей колледжде барып электронды платформа арқылы қабылданды. Сондай-ақ қабылдау колледждерде дәстүрлі қағаз форматында да жүзеге асады. Сонымен қатар талапкерлер кәсіби диагностикадан өтеді. Сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №678 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес, талапкерлер оқуға өтініш білдірген уақытта бірден 4 мамандықты таңдап, еліміздің 4 колледжге құжат тапсыра алады.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша 9-сынып оқушылары арасындағы конкурсу 25 маусым және 18 тамыз аралығында өтеді. Ал, 11-сынып және колледж түлектері арасындағы байқау 25 маусым мен 20 тамыз аралығында өтеді. Өнер және мәдениет мамандықтарына түсетіндер үшін байқау 29 шілде мен 2 тамыз аралығында жалғаспак.

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАҚЫЛАУДА



Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар құқықтарының сақталуы, білім алуы, тамақтануы, көлік тасымалымен қамтылуына қатысты Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Жамбыл облыстарындағы 70 нысанға профилактикалық бақылау жүргізді.

«Профилактикалық бақылау аясында мектептердегі әс мәзгірін сәйкестендіріп анықталды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру құқығын іске асыруды рәстайтын құжаттар толық болмады. Осыған қатысты облыстық білім басқармаларына анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар жіберілді», – дейді комитет төрағасы Насымжан Османова.

Бұдан басқа, Комитет бала құқықтарын қорғау саласындағы жеке және заңды тұлғалардың шағымдары негізінде жағдайларды тексеру де жүргізді. Бала асыран алушы үміткерін жоюы бойынша Жамбыл облысының «Үміт» мамандандырылған обекстерінің қызметі тексерілді. Нәтижесінде жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуы ұйымдастыру және ақпаратқа қол жеткізуге туралы қағида нормалары ерссек бұзылғаны анықталды.

Айта кетейік, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті профилактикалық бақылауды сырттай және нысанға барып жалғастырады. Осы жылдың екінші жарты жылдығында өңірлерде тағы 30 нысан тексеріледі.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

# ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАСЫНА 40 МИЛЛИАРД БӨЛІНДІ

Байқап қарасақ, бұл бастамаға өңір жастарының қызығушылығы жоғары. Мәселен, өткен жындарда 10 шақты жоба мақұлданды, соңғы отырыста комиссия мүшелері құны 134,1 млн. теңгені құрайтын 29 жобаны қараған.

Бұған дейін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі кеңесте жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету үшін 40 миллиард теңге бөлінгені айтылған болатын.


«Қаражат аймақтарға берілді. Қазір бизнес саласындағы үздік идеяларды таңдап алу үшін конкурстар басталды. Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін аса маңызды міндет. Өкімдер бұл жұмыстың нәтижелерін тұрақты түрде баяндап тұру керек», – деді президент.

Бүгінде аймақта кәсіп ашамын, әрі қарай кәсіпімді дамытатын деген жастарға қолдау артқан. Мемлекеттен 2,5 пайызбен берілетін шағын несиеге ұсынылған жобалардың басым көпшілігі экономика саласына қатысты. Яғни құны 52,5 млн теңгенің 12 жобасы жылқы шаруашылығы, 25,1 млн теңгенің 6 жобасы ірі қара малға, 14,5 млн теңгенің 3 жобасы түйе шаруашылығына және 29,5 млн теңгенің 5 жобасы жүк автокөлігін алуға, құны 41,3 млн теңгенің 9 жобасы қызмет көрсетуге (жихаз шығару, стоматология, қонақ үй, косметикалық қызметтер және т.б.) және құны 5 млн теңгенің 1 жобасына құрылыс материалдар өндірісіне бағытталған.

Жалпы, барлық үміткерлердің жасы 35 жастан аспаған, кепілдікпен қамтамасыз

етілген болу керек. Бұдан бөлек, негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды. Құжаттарды тексеру уақыты өтінім түскен күннен бастап 3 жұмыс күнін құрайды. Ал қажетті талапқа сәйкес келмеген жағдайда нақты себеп көрсетіліп, кері қайтарылады. Тиісінше, барлық құжат ережеге сәйкес болса, 15 күн ішінде бағалау жүргізіліп, тиісті жұмыстар біткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде бизнес жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның қарауына жолданады.

Әдетте қандай да бір несие алу үшін ең бірінші қажетті құжат жинау керек. Ол үшін де бөлек



Облыста жастарға жеңілдетілген 2,5 пайызбен 5 миллионға дейін шағын несие беру бойынша өтінімдерді қарау мақсатында конкурстық комиссия отырысы жалғасуда.

уақыт арнау қажет.


Ал аталған жоба бойынша қажетті құжаттар саны едәуір азайыпты. «Ағартушы несие корпорациясы» АҚ облыс бойынша филиалының директоры Маханбет Тұрмаханов құжат жинау барысы жайлы айтқан еді.

– Құжаттар тізімі жеңілдетілді. Нәбәрі 12 құжат керек. Оның көбісі кәсіпкерлердің қолында бар. Мысалы, кәсіпін бастағаны жөніндегі талон. Біздің сайтқа кірсек, топтыратын құжаттардың үлгілері көрсетілген. – деді ол.

Мамандардың айтуынша, құжат жинау барысында жастар мыңдыларға келуі мүмкін. Предура 1,5 айға дейін созылатынды да өкпе салады. Сондықтан кәсіп бастаймын деген жас мақсатына жету жолында шыдамдылық танытқаны жөн.

Айта кетейік, былға 257 жасқа 1285 млн теңге қаралауда. Демек, осында жас екі қолына бір құран тауып, бастаған кәсібі арқылы өз де еңбектесе, бірнеше адамды жұмыспен қамту арқылы несібі мен несесінен бөліспек.

М.СЫРЛАН



БҰЛ - МЕНІН ӨМІРІМ

Түптің түбінде бір жарық мекеннің бар екеніне көміл сеніп, соған жету үшін желкенін желге қарсы жайып тастап, сұрапыл дауылдар шайқаған төлегей теңіздің бетінде төңселе жүріп, басы да, аяғыда жоқ алты сапарға жол алып кеткен қайықтың тағдырын көз алдыңызға елестетіңіз.

Ол қайық әдепкі тыныштығын ендігіде мүлдем жоғалтқан. Оның басына бұрынғыдай жайма шуақ көктемнің қайта келуі екіталай. Ол қалай болса да, қадірі бар қасиетті жағажайына енді қайтып оралмақ емес. Оны тасбауыр тағдырдың дойыр күші өз айдынынан айырып, жападан жалғыз, шетсіз де шексіз дөлі теңізе шығарып жіберді. Ол сапарға жалғыз шыққан, жалғыз келеді. Жалғыз өзі әр екпінді толқыңға кеудесін тосып, зорға төтеп келеді. Ендігі көрері не болмақ?... Жалауы құлап, ескегі сынса, ескірей қояр кім бар екен мына жалғанда?!

Оны қараңғылықтар үнемі адасқақа бастап кетеді. Ессіз тәуекелшілдіктер үнемі теренге батырып жіберуге де шақ қалады. Кейде оны теңіздің дүр ірімдері бағыт-бағдарсыз етіп, ес-ақылынан айырады. Сонан соң, аз уақытқа созылған зілзала күйден қайта ес жиып, еңсесін тіктеп, тұңғықтардан жалғыз өзі қасқайып шығып келе жатады. Себебі оның асқақ арманы бар еді. Ол махаббатпен мейірімнің жоғалмайтынына мәңгі сенетін. Сол арманы мен сенімі ғана оған шұғыла шашады.

Жападан жалғыз... Жалқы тірліктен өбден жалыққан оның дел-сал күйден бас кетере алмай қалатын сөттері де көп болады. Оны теңіздің ызғарлы

боранынан, Шаңқай түстердің аптап қуырған ыстығынан қалқалайтын ешкім болмайды. Сондай дерменсіздігіне налیدی. Сапарға шыққанына аса көп уақыт болмаса да, тез қажып кеткенін мойындағысы келмейді. Ол өзін қорашсынып, жек көріп те кеткендей теңселіп барады... теңселіп барады...

Десе де, мұндай сапарға шыққан қайықтар осы жолда өлмермен болады екен. Ол өзін бақытты сезінеді. Өзін еркін әрі тәуелсіз ұстайды. Ол ешкімнің өміріне мойын созбайды. Және ешкімге ешқашан мойын ұсынбайды. Ол аяқ астынан болған қуанышқа да, тосыннан келген трагедияларға да дайын. Ештеңеге таңғалмайды. Ол айналасындағылардың сүрекілі нем сұрықсыз кейіп-кеспірлерін безгатығымен кешіріп, теңіздің бетінде қоландап кете береді... кете береді...

Ол жолықтырған теңіз аралдарының көші оған ұнамайды. Қарабайырлықтан құтыла алмаған жаратылыстар оған пана болуды былай қойып, жаттығын көрсетіп жатырқайды да тұрады. Бейшара қайық ешқайда ұзақ аялдай алмай жалғасты жолға шығады. Сірә, оның тағдырына сапарға шексіз шығу ғана жазылған секілді... Онымен сапарлас бола алатын серік жоқтың қасы. Шынында да, осынау қарапайым қайықтың болмысын түсінетін ешкім жоқ. Шынымен де ешкім оның жұрт назарынан тыс қалғандағы кешкен күйлерімен санаспайды. Сорлы қайық ыргала басып кетіп барады... кетіп барады...

Түптің түбінде бір жарық мекен жолығып қалар алдынан...

Жамбыл БАҚЫТӨЛҚЫ



Өмірде адамзат баласына жаратқан беріп қойған ерекше сезімдер бар. Екі адамның арасын жақындастырып, жанын жадырататын қасиет.

Ол барлық адамзатқа керек. Сүйіспеншілік бар жерде ынта оянады, махаббат ашылады. Яғни ата-анаға, бауырға, досқа деген сүйіспеншілік-өзің де, өзгеге де жақсы әсер сыйлайды. Осы орайда, Абай атамыздың "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп" деген асыл сөзі ойға түседі. Расымен де, адамзаттың бәріне тек жақсы көзбен қараған адам ешқашан жаман болмайды. Адамға, қоғамға, айналаңа, жалпы өмірге махаббатпен қарау керек. Сонда ғана бауырмалдығың, арта түседі. Мысалы, доспен ара-қатынаста сыйластық өте маңызды. Егер адамдар бір-біріне сезімділікпен қарамаса, адамзаттың бәріне тек жақсы көзбен қараған адам ешқашан жаман болмайды. Ал, өзгені бағалай алмау - өзін жақсы көрмеу деген сөз. Міне, осылайша адам бойындағы Алла бұйырған ұлы сезімдер бір-бірімен ұштасып жатыр. Сүйіспеншіліктің құны мен үшін өте маңызды. Ол несімен құнды? Ара-қатынасты жақсы жаққа бағыттай алуымен, ата-ана

деген махаббатыңды дұрыс көрсете білмеген, жақсы адамдарға толы ортанның көбеюімен құнды. Сүйіспеншіліктің адам өмірінің мәні бола алатындығы да осы. Қазір ұялы телефон мен әлеуметтік желіге таңылған заман болды. Телефонға, гаджетке кіріп кеткен балалардың айналаға қарауға, дос табуға, қарым-қатынас құруға уақыты да, зауқы да жоқ. Міне, сүйіспеншіліктің тәрбиелеу еңбегі кететіні де осыдан. Бала ата-анасымен дұрыс қарым-қатынаста болмаса, достарымен араласпаса, ол сүйіспеншілікті қайдан білсін?! Ата-ана баламен тығыз қарым-қатынаста болу керек. Жақсы көруді, сүюді білу керек. Біліп қана бағасына жете алмайды. Ал, өзгені бағалай алмау - өзін жақсы көрмеу деген сөз. Міне, осылайша адам бойындағы Алла бұйырған ұлы сезімдер бір-бірімен ұштасып жатыр. Сүйіспеншіліктің құны мен үшін өте маңызды. Ол несімен құнды? Ара-қатынасты жақсы жаққа бағыттай алуымен, ата-ана

Зарина АЛДАМЖАР, Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің 11 сынып оқушысы

СҮЙІСПЕНШІЛІК - ЖҮРЕКТЕ

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ҚАЗАҚ ЕЛІ

Бірлік - қоғамда, адам өмірінде маңызды орынға ие қасиет. Сондай-ақ мемлекет үшін ықпалы зор екені белгілі. Қазақтың қазақ болып жүргені де ауызбіршілігінің мол болғанында деп ойлаймын.

Менің ойыма бірлік деген ұғымды естігенде, әуелі өз елім, яғни, Қазақстан түседі. Неге десеміз, еліміз түрлі қиындықты бастан өткерді. Қаншама адам соғысты, қаншама адам қан төкті, жанын қиды. Бұның бәрі ел егемендігін ойлаған, азаттықты аңсаған бабаларымыздың арқасы. Сондықтан ауызбіршіліктің не екенін солардан артық көрсеткен ешкім жоқ шығар, сірә?!


Қазақ елінің бірлігі тарихынан-ақ мығым болғаны бәрімізге хақ. Ал біз сол бірлікті қазір сақтай алып жүрміз бе?

"Болмасаң да, ұқсап бақ" демекші, қазір де ұлтымыз жаман қарқында емес. Бірлігін жарастырып, ауызбіршілігін сақтап жүрген еліміз

бауырмашылдыққа құмар деп білемін. Ол біздің қанымызда бар. "Бірлігі жоқ ел болмайды" деген ұранмен күн кешіп жүргеніміз-бірлігіміздің бекемдігіне дәлел. Қазақстанның бірлігіне бүкіл әлем сүйсінуге тиіс. Себебі 130-дан аса ұлт өкілдерін бір тұастыңда біріктіріп отырған асыл ел. Бұл қазақтың бірлігі мықты екеніне ғана емес, қонақжай халық екеніне де дәлел бола алады. Бірлік тақырыбына әдебиет саласынан ой қосар болсақ, Ахмет Байтұрсынұов атамыздың "Ақу, шортан һәм шаяны" ойға түседі. "Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас" деген жолдар бірліктің жалпы адамзатқа, мемлекетке, қоғамға қажет екенін көрсетіп тұр. Бірлік мерекесін

тойлайтын ұлтымының болмысы мені қатты сүйсіндіреді. Сан ғасыр бойы ынтымағы жарасқан қазақ елінің бірлік туы әлі талай биікте желбірейтініне сенімім мол.

З.АЛДАМЖАР



Таң. Қызылорда уақытымен 7:24 Көшенің бәрі толған көлік, асығыс үстіндегі адамзат. Ал мен студент екенімді дәлелдеп автобустың артқы орындығына жайғастым. Неге кейін менен жақсы білесіңдер. Мәжелі жеріңе жеткенде түспеуіңе рұқсат. Әдеттегідей емес, бүгін адам саны аз, қызық. Тұрып келе жатқан ешкім жоқ, ғажап көрініс.

Терезеден қаладағы көрініске тамсана қарайдым. Қаланы жаңбырдан кейінгі хош иіс, жер бетіне нұр боп

шашылған күннің шуағы сұлу етіп тұр. Самал жел есіп, жаңа шыққан шөлтің басын тербетіп қояды. Күн сәулесіне шағылысып жарқырап тұрған таңғы шықтың жанынан тыныш өту мүмкін емес. Осы бір әсем сөздің қандай мағына беретінін білесіз бе? Таңертеңгі жарықта, шөлте шық тамшылары кішкентай гауһар

тастар сияқты жарқырайды. Оның сипаты кіршіксіз таза сезім секілді, бұзып, жоғалтып алудан қорқасын. Адамның жүрегі осы таңғы шық секілді кіршіксіз таза әрі сұлу болса бәріміз бақытты болар едік. Бақыт деген әркімнің түсінігінде әртүрлі. Мысалы М.Шаханов: «Бақыт деген немене бұл, немене екен, немене мен шықпаған заңғар шың ба, мен мінбеген кеме ме?» - деп шырқап, одан кейін бақыттың қанағатта екенін түсінген болса, ал М.Мақатаев:

«Үміт үзбей іздейді олар, тыңдап сол бір

жақұтты, Оны алыстан іздемегін, жүректен тап бақытты!» - , десе керек. Ал мен айтамын, бақыт-ол сенің қазіргі сөтің. Тек сол сәтті бағала, бүгіннен өмір сүр. Біз адасып бақытты көп іздейміз. Жасымыз жас асып, берекеміз қашып, шаршап шалдығып, қайратсызданып кетеміз. Негізінде біз бақытты іздеу идеясымен әуре болып жүргенде, қасымызда жүрген бақытты байқамай, оны өзімізден жалықтырып алатын сияқтымыз. Бақытты махаббаттан,

жұмыстан, жетістіктерден, әлі келмеген "ертеңнің" еншісінен іздейміз де жүреміз, бірақ ол алаңданды жылытқан күннің сәулесінде, талынан желі үзген жапырақта, ішінді бір мезет жылытып өткен ыстық шайда, жалғыздықты серік еткен серуенде, езу тарта жымиятын күлкінің астарында жасырынып жатқан шығар. Қапсағай тауды төңкеріп іздел жүрген бақыттыңды байқамай қалма .

Мерей СЕКСЕНБАЙ, Қорқыт ата атындағы ҚУ 2 курс студенті.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ ӨЗІ?





**АЗИЯ КУБОГИНЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ**



Баскетболдан Қазақстанның 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасы Самарқан (Өзбекстан) қаласында өткен САВА іріктеу турнирінде жеңіске жетіп, Азия кубогіне жолдама алды. Қазақстан жасөспірімдері әуелі Қырғызстан жасөспірімдер құрамасын 97-42 есебімен жеңсе, шешуші ойында Өзбекстанның 16 жасқа дейінгі жасөспірімдерінен 91-47 (32-13, 20-16, 24-8, 15-10) есебімен басым түсті.

Қазақстан U16 құрамасы САВА аймағына берілген жалғыз жолдамаға ие болды. Азия кубогінің финалдық кезеңі 17-24 қыркүйек аралығында Доха (Катар) қаласында өтеді.

Турнир нәтиже бойынша  
1 - орынды Қазақстан U 16,  
2 - орын Өзбекстан U 16,  
3 - орында Қырғызстан U 16 алды.  
Сондай-ақ жеңімпаз командалар арасынан үздік ойыншылар қатарына  
Әлішер Мұратұлы (Қазақстан)  
Амир Рустамов (Қырғызстан)  
Гулбани Зураб (Өзбекстан) енді.

**«НОМАДТЫҢ» ҚАРСЫЛАСЫ АНЫҚТАЛДЫ**



Аралас жекпе-жек әлеміндегі ең беделді ұйым – UFC-де өнер көрсететін отандасымыз Шавқат Рахмоновтың келесі қарсыласы белгілі болды.

UFC президенті Дана Уайттың айтуынша, Шавқат Рахмонов 16 қыркүйек күні Мексиканың тәуелсіздігі күніне орай АҚШ-тың Лас-Вегас қаласындағы T-Mobile аренада ұйымдастырылатын аралас жекпе-жек кешінде сегізбұрышқа көтеріледі. Ол UFC турнирінде америкалық Келвин Гастеллуммен айқасады. Бұл жекпе-жек осы кештің ең негізгі жекпе-жегінің бірі болады деп жоспарланып отыр. 31 жастағы Гастеллум 2010 жылдан бері аралас жекпе-жекпен шұғылданады. Осы уақытқа дейін ол 26 мәрте октагонға шығып, соның 17-сінде жеңіске жеткен. Сегіз айқасында қарсыласына жол берген болса, бір кездесуі есепке алынбаған. UFC-дің орта салмақтағы рейтингінде 12-сатыға жайғасқан.

Келвин ең кейінгі кездесуін осы жылдың сәуір айында америкалық Крис Кёртиспен өткізіп, төрешілердің шешімі бойынша жеңіске жеткен. Сонымен қатар сол кештің ең үздік файтері атанған. Ал «Номад» лақап атымен өлемге танылған 28 жастағы Шавқат Рахмонов наурыз айында өткен айқасында америкалық Джефф Нилден басым түскен болатын.

**ТУРНИР ЧЕМПИОНЫ КІМ?**



Қазақстанның ерлер құрамасының жұптық сындағы көшбасшысы Александр Недовесов эквадорлық Гонсало Эскобармен бірге Ұлыбританияда өткен турнирдің чемпионы атанды.

Қос теннисші америкалық-австралиялық дуэт – Роберт Галлоуэй мен Джон Патрик Смитті үш сеттің екеуінде ұтып кетті. Есеп – 2:6, 7:5, 11:9. Кездесу 1 сағат 31 минутқа созылды.

Ойын барысында қазақстандық пен эквадорлық 5 ийспен бірге 6 брейк-пойнттың біреуін пайдаланды. Олардың қарсыластары 3 эйс, 2 брейкпен (6 брейк-пойнт) көзге түсті.

Осылайша, қазақстандық-эквадорлық жұп чемпиондық атаққа қол жеткізді.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

**ҒАЛЫМЖАН – «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ»**

Финалдық бөлдесуде Маңғыстау облысының балуаны Нұрдаулет Жарылғапов пен күштік құрылымдар арасында өткен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Ғалымжан Қырықбай күш сынасты. «Алтын бөлбеу» мен 25 миллион теңге Ғалымжан Қырықбайға бұйырды. «Қара Бура» лақап атымен танымал балуан Нұрдаулет Жарылғапов «күміс бөлбеуді» мисе тұтты.

Үшінші орын үшін бөлдесу Павлодар облысының балуаны Мұхтар Дәлелханұлы мен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Марат Байқауовтар арасында өтті. Бөлдесу нәтижесі бойынша Мұхтар Дәлелханұлы қола бөлбеу иегері атанды.

1-орын – Ғалымжан Қырықбай («Әскер барысы», 145 кг) 25 млн теңге  
2-орын – Нұрдаулет Жарылғапов (Маңғыстау облысы, 155 кг) 5,5 млн теңге.  
3-орын – Мұхтар Дәлелханұлы – (Павлодар облысы, 115 кг), 1,8 млн теңге.

Еске сала кетейік, елордада Астана күніне орай қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турнирі өтті. Жарысқа өңірлерде іріктеу кезеңдерінен өтіп, «Қазақстан барысы – 2023» финалына

жолдама алған мықты балуандар қатысты. Қазақ күресінен республикалық турнир 2011 жылдан бері тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді.

Әр өңірден екі спортшыдан қатысты, олар абсолютті салмақ дәрежесінде өнер көрсетті.









Биыл қатысушылардың жалпы саны 41 балуанды құрады. Әр өңірден екі спортшыдан, сондай-ақ, «Әскер Барысы» күш құрылымдары арасындағы турнирдің және өткен жылғы іріктеудің жеңімпаздары қатысты.

Турнирдің бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, сондай-ақ серіктестер қатарында «Sport Oorgu» спортты қолдау қоры және «Сәтті Жұлдыз» АҚ да кіреді.

Республикалық турнир ұлттық спорт түрі – қазақ күресін дамыту мақсатында өткізіліп келеді. Бұдан басқа турнирді ұйымдастырушылар жастарды спортқа тарту және ұлттық дәстүрлерді сақтауды басты міндет деп белгілеген.

«Биыл турнир жылдағыдан қарағанда өзгеше өтті. Жаңа облыстардың ашылуына байланысты жарысқа қатысушылардың саны артты. Биыл 41 палуан бақ сынады. Оның ішінде 33 палуан облыстардан, 2 спортшы «Әскер барысынан» және 3 қаладан тағы

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турнирінің жеңімпазы анықталды.



6 спортшы қатысты», – деді «Қазақ күресі» қауымдастығы төрешілер алқасының төрағасы Қайрат Пазылбек.

Еліміздегі ең беделді жарыстарға қатысушылар тізімінде Руслан Әбдіразақов, Нұрдаулет Жарылғапов, Ерасыл Қажыбаев, Ғалымжан Қырықбай және Мақсат Исағабайлов сынды танымал палуандар болды.

Қазақ күресінен республикалық турнир 2011 жылдан бері тұрақты негізде ұйымдастырылып келе жатқаны баршаға белгілі. Бұған дейін турнирді қола жүлдесі Павлодар облысының барысы Мұхтар Дәлелханұлының қанжығасында кеткен болатын. Еске салайық, биыл «Қазақстан барысы» жылдағыға қарағанда өзгеше өтті.

Ғалымжан Қырықбай бұған дейін «Қазақстан Барысында» күміс те, қола да жүлдегер болған. Биылғы бәсекеде алтын тайтуяқ пен 25 миллион теңгені иеленді. Ал «Қара Бура» Нұрдаулет Жарылғапов екінші рет жарысты күміс жүлдегері атанды.




Қызылорда қаласында 1997 жылы дүниеге келген Мағжан Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт мектеп-интернат-колледжін бітірген. Оның жеңісті жолы 2014 жылы жасөспірімдер арасындағы Гонконгта өткен Азия чемпионатында қола жеңіп алғанда басталған. Келер жылы Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Дабиде өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында топ жарды. Осылайша, 18 жасында әлем шыңын бағындырған балуан кейін де талайды тамсандырып, байрақты бәсекелерде атой салды.

Жыл басында Израильде гранд сламда үздік үштіктен көрініп, қола жүлдені еншіледі. 60 келі салмақтағы бәсеке дзюдода өте жоғары. Әлемдік бәсекелерді есептемегенде ішкі біріншіліктің өзінде топ жару оңай шаруа емес. Бәсекелестің жоғары болғанының арқасында ысылып, оң нәтиже көрсетудеміз. Хорватиядағы байрақты бәсекеде әлемнің кіл үздіктері бақ сынады. Нәтижеге көңіл толды. Ендігі меже – 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойыны, – дейді балуан. Айтпақшы, сөзімізге арқау

вазиримен ұтқан ол, екінші айналымда АҚШ балуанын тез тізе бүктірді. Үшінші айналымда Испания өкілі Бернабеу Риканы ұтып ширек финалға шықты. Мұнда түркімен балуаны Хәкберді Жумаевты, жартылай финалда француздық Мерлин Максимиені вазари әдісіне түсіргенде көрермен тақмын қысып отырды емес пе? Ал енді финал тартысты өтті. Балуанымыз ақтық сында әлем чемпионатының 2 дүркін қола жүлдегері, Кореяның тәжірибелі балуаны Ким Вон Жинді жеңіп, Загребте жеңімпаз қатарынан көрінді.

**ЖЕҢІС ЖОЛЫ ЖЕҢІЛ ЕМЕС**

Сырбайлық спортшы Мағжан Шамшадиннің есімі көпке таныс. Мағжан дзюдо бағытында біршама жетістікке жетіп, ел мерейін асқақтатып келеді. Мысалы, ол жуырыда Астанадағы Grand Slam сериясының турнирінде алтын медаль жеңіп, мықтылығын тағы дәлелдеген еді. Бүгінге дейін Олимпиада ойындарында дзюдодан ел намысын қорғалы. Загребте өткен Grand Prix халықаралық турнирінен жеңіспен оралды. Тіпті, бұл жеңістен кейін араға 2 ағта салып, Азия біріншілігіне қатысты. Оған да құр қайтпай, қола жүлдені қанжығасына байлады. Сөйтіп Париж Олимпиадасына бір табан жақсыдай түсті.



Әлемнің әр түркірінде қазақтың көк туын желбіретіп, әнұранын шырақтаты. Иә, халықаралық жарыстардың биік тұғыры Сыр балуандарына бағынбай жүргеніне біршама уақыт болған еді. Үзіліп қалған чемпиондықты ол қайта жалғады. Жанкүйерлер үшін бұл жеңістің құны сонымен өлшенсе керек.

– Өткен жылы халықаралық жарыстарда бағым жанды.

болған байрақты бәсекеде 60 келіде 50-ге тарта татами шебері бақ сынады. Алайда Мағжан бұлардың көбісінің әдіс-тәсілдерін білетін болып шықты. Себебі біршамасымен әлемдік жарыстарда жолы түйіскен екен. Жарысты көгілдір экраннан тамашалағанда көрерменге де бұл айқын байқалған шығар. Өйтеуір, алғашқы айналымда Куба балуаны Форте Валдивозоны

қатысуға еңбек етпеймін. Бастысы, жарақаттан аман болайық, – дейді спортшы. Өңірде аталған спорт түрінің шоқтығы биік. Дзюдода рейтингі жоғары спортшының ғана Олимпиадаға жолы түседі. Балуандардың босандық танытуына болмайды. Мағжан енді осы үдеден сүрінбей шықса, байрақты бәсекеде ел абыройын асқақтатарына сенім мол.

# ТҮЙЕ ӨСІРУ – ТАБЫСТЫ КӘСІП

Гулбану – Жанқожа батыр ауылының тұрғыны. Кәсіп бастау үшін түйе шаруашылығын дамыту мақсатында «Агробизнес» мемлекеттік бағдарламасымен «Сырдария-1» несиесі серіктестігі арқылы 11 млн 400 мың теңге көлемінде қаражат алады. Бүгінде 42 бас ірі түйесі бар. Түйені үш мезгіл өзі сауады. Өнімін ауданға өткізіп отырады. Түрлі аурудың шипасы – шұбатқа сұраныс жоғары. Қыз балаға, оның үстіне келінге осыншама ірі қара малды қарау оңайға соқпаса анық. Сондықтан да отағасы Гулбануға қолғабы етуде. Түйе сауып, шұбат ашытудың өзіндік қыр-сыры болады. Уақыт үнемдеудің тиімді тәсілін жас кәсіпкер меңгеріп алған.



Кәсіпкердің дені мал шаруашылығымен айналысады. Себебі бордақшылау және өнімнің сату мақсатында кәсіп ашуға ниеттілер бар. Солардың көбі жылқы, сиыр, қой, ешкі. Ал ішінде түйе шаруашылығын деңгелегімен дегендер қатары аз. Себебі бұл жануар күтімді көп қажет етеді. Жастардың кәсіп бастауға ынтасы, қызығушылығы да жетерлік. Қазалылық жас Гулбану Әлиева тәуекел етіп, табыса көнеліп отыр.



Қиналғанға қол ұшын созып, айналасындағыларға қамқорлық танытып жүретін еріктілердің орны өрек. Олардың күнделікті жүгінің өзі жеңіл емес. Ал бірер жыл бұрынғы пандемия қауіптен қоса жауапкершілікті де арттырды. Дегенмен, біз дәл сол тұста бірге өкенимізді, біріккенде ғана мықты өкенимізді көрсеттік. Жақында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілер қозғалысын дамыту мәселесі назардан түспейтінін айтты. Халықаралық волонтерлар форумында президент мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды өкенин атап өтіп, еріктілер қоғамда айрықша рөл атқаратынын жеткізді.



Егіз Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды аптада соңына дейін жеткізесіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыптастырып аласыз. Барынша сабыр сақтай біліңіз. Егер шұдамсыздық танытсаңыз, көп кәтелік жіберуіңіз мүмкін.

Шағын Өзгерісті өзгеден күтпейіңіз бастанңыз. Жұлдыздар аптаны отбасына арнауға кеңес береді. Жұмысты да ысырып тастамаңыз. Қосымша қаражат табуға қолыңыз уақыт. Таза ауада жиі серуендеңіз. Уақытты тиімді нәрсеге пайдаланған дұрыс.

Тауешкі «Менің арманым қалай да орындалу керек» деп өзіңізді

## ВОЛОНТЕРЛІКТИ ДАМУДАҒЫҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ ЖАСАЛАДЫ

Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды, біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті, яғни 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт-офистер ашылды.

Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qaz-volunteer.kz платформасы жасалды. Яғни бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген адам еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Шың мәнінде, бұл – зор мүмкіндік. Сондай-ақ біздің волонтерлер Иордания, Кения, Таиланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады. Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдеріне алғыс айтамын» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елімізде 2021-2023 жылдарға арналған Волонтерлікті дамыту жол картасы аясында бірқатар жоба табысты іске асты. Мемлекет басшысы қоғамда еріктілік мен қайырымдылық дәстүрін нығайту үшін бірнеше кешенді шаруа қабылдауда ұсынды.

«Осы саладағы стратегиялық бағыттарды нақты көрсететін жаңа Жол картасын әзірлеу керек. Аталған құжат волонтерлік қозғалысқа тың серпін беріп, оның тағу жылдардағы дамуының басты бағыттарын айқындауға тиіс. Екіншіден, еріктілік мен қайырымдылық ісін есепке алатын жүйені кезең-кезеңімен өңдеу қажет. Бұл бастама волонтерлік қозғалысты ынталандыру үшін заманалық деңгейде тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, волонтерлік қозғалысты ұзақмерзімді грант беру арқылы ынталандыру керек. Бұл ретте мемлекеттік және жекеменшік грант берушілер арасында тұрақты серіктестік орнатып, отандық және халықаралық донорлардың бір-бірімен нәтижелі ынтымақтастығын қалыптастыру маңызды. Төртіншіден, волонтерлік және қайырымдылық істерін институттық тұрғыда қолдау инфрақұрылымын дамытуды түрде дамытқан жөн. Ол үшін волонтерлердің ұлттық және аймақтық деңгейдегі фронт-офисінің ұйымдастырушылық, техникалық және кадрлық әлеуетін күшейту қажет. Бесіншіден, волонтерлік қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және ілгерілетуге ерекше назар аудару қажет» – деді президент.

Қуантағыны, еңірде де бұл қозғалыс ерекше қарқынмен дамыған. Аймақта «Sy Volontary» орталығы құрылды, бұдан бөлек облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан «Волонтерлердің фронт-офисі» жұмыс істейді, аудандардағы еріктілер 7 бағыт бойынша иіп істердің ұйытқысы болғаны да көптің есінде.

«Он адам жүрген жерде із, жүз адам жүрген жерде соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деген. Жүзіне мейірім ұялаған еріктілер әлі талай істің қасынан табылатыны анық.

М.СНАДИН

Торпақ Адамдармен тіл табысу қиына соғады. Тіпті жақын адамдардың өзі сізді дұрыс түсінбей мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соңы қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға тырысады.

– Түйеге жақындағанда бастысы қорқынышты жеңе білу керек. Барлық түйеге өзім қараймын дей алмаймын, жолдасым жанымдә жүреді. Сауған соң көп уақыт алмай, бірден ауданға жіберуді қадағалаймын. Сондай-ақ тапсырыс иесіне жету назарында. Балаларымды да еңбекке бейімдеп жатырмын. Болашақта біреуге тәуелді болмай, отбасылық кәсіпті алып кетсе деген мақсат бар.

Түйені 3 мезгіл сауамын. Күніне 5-6 литр өнім аламын. Шұбат дайындап, алдымен балаларға, үйге келген меймандарға ұсынғамыз. Қапалғанын сатамыз. Тапсырыс берушілер саны артып келеді. – дейді кәсіпкер.

Түйе көшпелі халықтың ең негізгі көлік қатынасы болған. Жүк тасуға таптырмас төзімді әрі шымдамды түлік – ел берекесі. Шөл мен шөлейт дала түйе бағуға қолайлы келеді. Қазіргі таңда елімізде түйе шаруашылығымен Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында айналысады.

– 2011 жылы көрші Бекарыстан би ауылынан келін болып тұрғым. Келген жерім мал ұстап, атакөсіппен айналысады. Сондықтан осындағы ағамның тәрбиесімен үй шаруасына төселіп, біраз нәрсені білдім. Сырдария бөлек, түйе саууды да осында жүріп үйрендік. Оған ағам мен өнім көп көмектесті. Қанша дегенмен тәжірибесі бар кісілер. Үйретері көп. Шұбатқа тапсырыс көп. Аудан орталығындағы немесе ауылдағы ағайын той мен асқа алады. Жолдасым мал дәрігері болып жұмыс істейді. Түйеге уақытылы өкпе салу, ауырған жағдайда ем-дом жасау – сол кісінің мойнында. Жалпы мұны отбасылық кәсіп десек те болады, – дейді Гулбану.

Қорыта айтсақ, төрт түліктің төресі саналатын түйе – бар жақсысын бойға жиган жануар. Оның жүні жылы киім, шұдасы – шипа, сүті – дәрумен, еті – қорек. Ерекше қасиеті галымдардың өзін таңғалдырып, қызығушылығын оятып отыр. Ман басқан маңғаз жануардың біз білетін қырларын барынша баяндадық. Ашылмаған сырлары да жетерлік.

Мәлдір САБЫРЖАН

### Арыстан

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаныңызға жақын жанмен алдағы күндерге жұпар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Отбасыңызға көңіл бөледі ұмытпаңыз.

### Бикеш

Жұмыста үлкен өзгеріс орын алғалы тұр. Мұның сізге тигізер кері әсері жоқ. Бастысы, басшылықпен тіл табыса білесіз бе болғаны. Бұл «нені айтса, соны орындауға тиіссің» деген сөз емес. Тек сізге берілген жауапкершілікті атқарған дұрыс.

### Таразы

Жаңа аптада көремет мүмкіндік күтіп тұр. Жұық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін салаңызда белсенділікті арттырған абзал. Алтаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

### Сарышаян

Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз.

### Мерген


Жақынныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер күтпеген кездесу орын алса, өміріңізді өзгертуі мүмкін. Апта соңында сіз үшін күтпеген тосын сый болғалы тұр.

### Сұқұйыш

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылданың!

### Балық

Серіктестермен қарым-қатынаста абай болыңыз. Туындаған мәселенің барлығын тез арада шешіп отырыңыз. Бастысы, шешімді дұрыс шығара білу.



Көзекші редактор: М.САБЫРЖАН

## АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаны бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа нұсқа» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
E-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 6931  
Тапсырыс: 1063